

Курмин тірек мектебі (РО) «Отбасы» күніне арналып өткізілген іс-шаралар жоспарының есебі

Максаты:

Оқушылардың отбасы, жанұя туралы білімдерін шыңдай түсе, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу. Оқушылардың естес ақтау, ойлау қабілеттерін, тіл байлығын, өз беттерінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, ептілікке, өз ойын жеткізе білуге, отбасы құндылықтарын сыйлауға тәрбиелеу.

Отбасы-мемлекеттің негізгі буыны.

Тәрбие – отбасынан басталады, болашақ ұрпақтың еліне, Отанына деген сүйіспеншілігі алдымен ата-ананың ықпалы мен қалыптасады. «Дәулет есіктен, ақыл бесіктен кіреді» демекші білім бесігі мектептен, тәрбие бесігі отбасынан бастау алады. Отбасының екі тірегі-әлпештеген әке мен аялаған ана. Ата-анаға үлкенге қызмет етіп, әкенің еңбегін, анаңның ақ сүтін өтеу-біздің борышымыз



Отбасы-адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап сол ортаның ыстық-суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді. Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі толығымен еразаматқа жүктеледі. Баланы өсіріп тәрбиелеу – әйел ананың тікелей міндеті. Оқушылар арасында 10 мен 12-сі аралығында «Отбасы – аялы алақан мекені» тақырыбында сынып сағаттары мен дәрістер өткізілді. Дәрістерді өткізу барысында оқушыларға қызықты бейне жазбалар мен слайттан көрсетілді, сол арқылы «отбасы» сөзінің қаншалықты терең мағына беретіні мен құндылығы туралы баяндап, оқушыраға баяндалды.




Отбасының тірегі әлпештеген әке мен аялаған ана.

Ата - анаға, үлкенге қызмет етіп, әкенің еңбегін, ананың ақ сүтін өтеу – біздің борышымыз. Ата - ана - отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.



Әке туралы айтсақ, әке отбасының асыраушысы, қамқоршысы. Ана - отбасының ұйтқысы, жылуы, шуағы.

Соған байланысты 1-5 сынып оқушылары арасында 11 күні «Мерейлі отбасы» тақырыбында суретбайқауы өткізілді. Оқушылар салған суреттері арқылы өз отбасы мүшелерімен таныстырып шықты. Барі белсене қатысты.



Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады.

Бастауыш сыныптары арасында өткізілген сурет байқауы мен қоса жоғарғы 8-11 сынып оқушылары арасында да үздік «Отбасы – тәрбие ұясы» тақырыбында шығарма байқауы өткізілді. Шығарманы жазу барысында оқушылар отбасы сөзінің терең мағынасын түсініп, оны жеткізуге тырысты. Оқушылар шығарма жазуға өте белсенді қатысты.



Ата – анам – өмірдегі ең қымбат адамдарым. Олар мені жақсылыққа әдептілікке, адамгершілікке тәрбиелейді. Сабақта да, үйде де ұқыпты, тәртіпті, саналы бала болса екен деп тілейді. Әсіресе, "Түп қазығың - Отаның, ар - намысың - тілің, кәусар бұлағың - ұстазың, қамқоршың - әкең, ақылшың – анаң" деген сөздері көңілімде жатталып қалыпты

Отбасы күніне байланысты тек оқушылар арасында ғана емес, ата-аналар арасында да 10-13 күндері психологиялық онлайн дәрістер өткізілді. Бастауыш сыныпты аяқтап, орта буынға өткен балардың ата-аналарымен дәрістер өткізіліп, олардың бейімделулері кезіндегі туындайтын қиыншылықтар туралы айтылып, кеңестер берілді.



Қорытынды:

- Біз бүгін өзімізге ең жақын, ең қымбат анамыз, қамқор әкеміз, қайырымды ата - әжеміз, аға - әпкеміз, іні - қарындасымыз туралы айттық. Отбасы – ол ең жақын адамдардың ошағы. Әрқашан отбасы мүшелерін сыйлап, құрметтеу керек.

<https://www.instagram.com/p/CicB0i9qp9u/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

<https://www.instagram.com/p/CicD1XUKzu /?igshid=YmMyMTA2M2Y=>